

**8D01702 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» білім бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Жоғары білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін шет тілінде даярлаудағы сандық технологиялар» тақырыбындағы орындалған Абдрахманова Самал Туkenовнаның диссертациялық жұмысына ресми рецензент философия докторы (PhD), Ұлытау облысы білім басқармасының «Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты» КММ ағылшын тілі мұғалімі, педагог-зерттеуші Медет Курмангазиевич Джандильдиновтың СЫН-ШҚІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	<p>Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы</p>	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауымен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Толығымен сәйкес келеді.</p> <p>Диссертация Қазақстан Республикасы қаржыландыратын «Жас Ғалым» 2025–2027 жж. ғылыми жобасы шеңберінде жүзеге асырылып жатқан АР25795511 «Педагогтың ашық цифрлық білім беру ортасын жобалауда AI негізіндегі интеллектуалды іздеу жүйесінің моделін әзірлеу» жобасы аясында орындалды.</p> <p>Диссертация тақырыбы оны бекіту уақытына сәйкес ғылымды дамытудың өзекті бағыттарына және мемлекеттік стратегиялық құжаттарға толықтай сай келеді. Жұмыста қарастырылған болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін даярлау үдерісінде сандық технологияларды қолдану мәселесі қазіргі білім беру жүйесінің басты басымдықтарының бірі болып табылады.</p> <p>Зерттеу мазмұны «Сапалы білім — табысты ұлттың кепілі» ұлттық жобасына (2023–2029), «Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына», «Қазақстан Республикасында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған цифрлық трансформациялау тұжырымдамасын бекіту туралы» мемлекеттік бағдарламаға, жоғары білім беруді цифрландыру мен сандық технологияларды дамытуды көздейтін «Жаппай ақпараттандыру құралдары» бағдарламасына негізделеді.</p> <p>Сонымен қатар, тақырып ғылымды дамытудың басым бағыттарына, ұзақмерзімді «Қазақстан–2050»</p>

			<p>стратегиялық жоспарының негізгі міндеттеріне, ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты (2022) Қазақстан халқына Жолдауында қойылған міндеттерге, «ҚР 2023–2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын дамыту тұжырымдамасына», сондай-ақ «Білім беруді дамыту тұжырымдамасына» толық сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Зерттеу ғылыми білім қорының кеңеюіне айтарлықтай үлес қосады, себебі болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі алғаш рет кешенді түрде – теориялық, әдістемелік және практикалық тұрғыда зерделенген. Автор сандық технологияларды кезең-кезеңімен тиімді қолдану арқылы цифрлық құзыреттілікті қалыптастырудың авторлық моделін ұсынған және оны жүзеге асыруға ықпал ететін педагогикалық шарттарды негіздеген. Сонымен қатар, зерттеу тақырыбы бойынша негізгі түсініктерге авторлық анықтама берілген.</p> <p>Зерттеу нәтижесінде оқу үдерісінде қолдануға арналған «Шеттілдік цифрландыру» атты жаппай ашық онлайн курсы мен «Digital Technologies for English Teachers» электронды оқу құралы әзірленіп, тәжірибеде сынақтан өткізілген. Бұл оқу ресурстары болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығын жетілдіруде қолданбалы мәнге ие.</p> <p>Жұмыстың теориялық маңыздылығы диссертация цифрлық білім беру ортасында ағылшын тілі мұғалімдерінің кәсіби дайындық теориясының дамуына ықпал етеді. Ал практикалық құндылығы зерттеу нәтижелері жоғары педагогикалық білім беру жүйесі үшін қолданбалы мәнге ие, әзірленген материалдар мен өнімдерді жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде, ағылшын тілі оқытушыларының біліктілігін арттыру курстарында және цифрлық педагогикаға байланысты оқу пәндерін әзірлеуде пайдалануға болатындығында.</p>

			Тақырыптың өзектілігі мен ғылыми мәні жеткілікті деңгейде <i>ашылған</i> . Ізденуші зерттеу мәселесінің теориялық негіздемесін жүйелі түрде ұсынған және алынған нәтижелер ғылыми тұжырымдармен дәлелденген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: <b>1) жоғары;</b> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертацияның мазмұны мен жаңалығы, сондай-ақ алынған нәтижелердің практикаға енгізілуі оның ғылыми-зерттеу қызметін дербес түрде орындағанын дәлелдейді. Зерттеу барысында ұсынылған теориялық тұжырымдамалар мен тәжірибелік мәліметтер жүйелі түрде құрылып, ғылыми пайымдаулар логикалық тұрғыдан негізделген. Автор зерттеудің барлық кезеңдерінде мәселені тұжырымдаудан бастап, педагогикалық модель құрастыру, педагогикалық шарттарды әзірлеу және нәтижелерді ендіруге дейін – өз бетінше ізденіс пен зерттеушілік ұстанымының <i>жоғары</i> деңгейін айқын көрсетеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: <b>1) негізделген;</b> 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыс ішкі логикалық бірлікке ие және құрылымдық жағынан тұтас ғылыми зерттеу болып табылады. Зерттеу өзектілігі нақты негізделіп, болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыруда заманауи сандық технологияларды тиімді кіріктіру арқылы қойылған мәселенің маңыздылығы дәлелденген. Автор тақырыпты қазіргі білім беру саясаты мен жоғары білім мазмұнын жаңғырту аясында дұрыс таңдап, ғылыми және практикалық негіздемесін жүйелі түрде ұсынған. Зерттеу бөліктері арасында мазмұндық және әдіснамалық сабақтастық сақталған: теориялық тұжырымдамалар тәжірибелік-эксперименттік деректермен бекітіледі, ал алынған нәтижелер автор ұсынған «Шетілдік цифрландыру» жаппай ашық онлайн курсы мен «Digital Technologies for English Teachers» электронды оқу құралы арқылы нақты іске асырылады. Бұл диссертациялық жұмыстың ішкі бірлігін, мазмұндық тұтастығын және ғылыми мақсаттарға бағытталғандығын айқын көрсетеді.
		4.2 Диссертация мазмұны	Диссертациялық жұмыстың

		<p>диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p><b>1) айқындайды;</b></p> <p>2) жартылай айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды</p>	<p>құрылымы мен мазмұны зерттеу тақырыбын жан-жақты ашуға бағытталған және қойылған ғылыми мақсаттар мен міндеттерге толық сәйкес келеді. «Жоғары білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін шет тілінде даярлаудағы сандық технологиялар» атты диссертациялық зерттеу мазмұны құрылымдық бөлімдер арқылы жүйелі түрде ашылған. Екі тараудан тұратын жұмыс «сандық технологиялар», «цифрлық құзыреттілік», «модель құрастыру», «цифрлық сауаттылық» секілді негізгі ұғымдардың мазмұнын дәйекті түрде ашып көрсетеді.</p> <p>Кіріспе бөлімде зерттеудің өзектілігі мен мақсаты, міндеттері, нысан мен пәні, әдіснамалық және теориялық негіздері нақты және қисынды түрде баяндалған. <i>Бірінші тарауда</i> «Жоғары білім беруді жаңғырту жағдайында шетел тілдерін оқытуда сандық технологиялардың теориялық негіздері» жүйеленіп, зерттеудің ұғымдық аппараты нақты айқындалып, негізгі теориялық ұстанымдар сараланған.</p> <p><i>Екінші тарау</i> «Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің сандық құзыреттілігін қалыптастыруды тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жұмысы» тәжірибелік бөлім болып табылады және онда зерттеудің практикалық кезеңдері баяндалады. Автор ұсынған педагогикалық модель негізінде сандық технологияларды қолдану арқылы цифрлық құзыреттілікті қалыптастыру жолдары қарастырылып, «Шет тілдік цифрландыру» жаппай ашық онлайн курсы мен «Digital Technologies for English Teachers» атты электронды оқу құралының құрылымдық мазмұны мен қолдану ерекшеліктері талданған.</p> <p>Қорытынды бөлімде зерттеу нәтижелері жинақталып, ғылыми қағидалар тұжырымдалып, білім беру тәжірибесінде қолдануға арналған ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілген. Диссертация құрылымы анықтамалар тізімінен, кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және</p>
--	--	--	--

			<p>қосымшалардан тұрады. Зерттеу жұмысының әрбір бөлімі бір-бірімен мазмұндық және әдіснамалық тұрғыдан өзара байланысқан, бұл жұмыстың ғылыми тұтастығын және логикалық бірізділігін қамтамасыз етеді.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:  <b>1) сәйкес келеді;</b>  2) жартылай сәйкес келеді;  3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен оған сәйкес қойылған міндеттері зерттеу тақырыбының мазмұнына және ғылыми бағытына толықтай <i>сәйкес келеді</i>. Зерттеудің негізгі мақсаты – «жоғары білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін дамытуға бағытталған сандық технологияларды пайдаланудың педагогикалық жүйесін әзірлеу және негіздеу» болып табылады. Бұл мақсат диссертациялық жұмыстың құрылымымен және мазмұнымен өзара сабақтасып, зерттеудің негізгі өзегін айқындайды.</p> <p>Алға қойылған міндеттер нақтылығымен және жүйелілігімен ерекшеленеді. Олар зерттеудің барлық деңгейлерін – теориялық талдауды, педагогикалық модельді құрастыруды, педагогикалық шарттарды әдістемелік негіздеуді және тәжірибелік-эксперименттік тексеруді қамтиды. Әрбір міндет зерттеу логикасына сәйкес қойылған және диссертациялық жұмыстың ғылыми бағыттылығын айқындайды. Бұл зерттеу мақсаттары мен міндеттерінің өзара сабақтастығын, сондай-ақ олардың тақырыппен және зерттеу проблемасымен <i>толық сәйкестігін көрсетеді</i>.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:  <b>1) толық байланысқан;</b>  2) жартылай байланысқан;  3) байланыс жоқ</p>	<p>«Жоғары білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін шет тілінде даярлаудағы сандық технологиялар» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу мазмұндық құрылымы мен бөлімдер арасындағы логикалық бірізділігімен ерекшеленеді. Әрбір бөлім келесі бөлімнің мазмұндық негізін қалайды, ал алынған ғылыми нәтижелер диссертация мақсаты мен міндеттерінен туындайтын мәселелерді дәйекті түрде шешуге бағытталған.</p> <p>Ізденушінің қол жеткізген нәтижелері теориялық тұжырымдар, модельдік негіздер мен тәжірибелік-эксперименттік</p>

			<p>деректердің өзара байланысымен сипатталады. Зерттеу құрылымындағы «Шет тілдік цифрландыру» жаппай ашық онлайн курсы мен «Digital Technologies for English Teachers» электронды оқу құралы секілді практикалық өнімдер диссертациялық жұмыс логикасының қисынды жалғасы ретінде көрініс табады. Бұл зерттеудің тұтастығын, ғылыми дәлдігін және құрылымдық бірлігін толықтай айқындайды.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p><b>1) сыни талдау бар;</b>  2) талдау жартылай жүргізілген;  3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертациялық жұмыста автор ұсынған ғылыми шешімдер – атап айтқанда, цифрлық құзыреттіліктің құрылымы мен мазмұнын нақтылау, оны сандық технологиялар арқылы қалыптастыру моделі мен оған қажетті дидактикалық шарттар – терең теориялық негізделген және шетелдік пен отандық әдебиеттерді талдау арқылы дәйектелген. Бұл ғылыми негіздеме зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен әдіснамалық дұрыс құрылуын қамтамасыз етеді.</p> <p>Сонымен қатар, «Шет тілдік цифрландыру» жаппай ашық онлайн курсы мен «Digital Technologies for English Teachers» электронды оқу құралы тәжірибелік-эксперименттік база негізінде тексеріліп, олардың тиімділігі нақты эмпирикалық нәтижелер арқылы дәлелденген. Автор жаңа шешімдерді бұрыннан белгілі тәсілдермен салыстыра отырып, олардың инновациялық сипатын және артықшылықтарын айқын көрсеткен. Бұл диссертациялық жұмыстың ғылыми-практикалық құндылығын арттырып, ұсынылған модель мен құралдардың жүзеге асу мүмкіндігін нақтылайды.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табылады ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;  <b>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b>  3) жаңа емес (25% кем жаңаболыптабылады)</p>	<p>Диссертациялық зерттеу ғылыми жаңашылдық қағидатына толығымен сәйкес келеді. Зерттеу барысында болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің «сандық құзыреттілігін» қалыптастыруға арналған теориялық ұғымдар жүйеленіп, олардың құрылымы мен мазмұны қазіргі білім беру талаптары негізінде жаңаша түсіндірілген. Сонымен қатар, зерттеуде автор алғаш рет сандық технологияларды қолдана отырып, сандық құзыреттілікті кезең-кезеңімен дамытудың моделі мен</p>

		оны іске асыруға қажетті дидактикалық шарттарды ұсынған.	оны іске асыруға қажетті дидактикалық шарттарды ұсынған. «Шет тілдік цифрландыру» жаппай ашық онлайн курсы мен «Digital Technologies for English Teachers» электронды оқу құралы – отандық педагогикалық тәжірибеде алғаш рет ұсынылып отырған, жүйелі сипаттағы инновациялық әдістемелік шешімдер. Бұл ғылыми өнімдер қазіргі цифрлық білім беру контекстінде болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісіне нақты үлес қосатын, тәжірибе арқылы өз тиімділігін дәлелдеген тың бастамалар болып табылады. Зерттеу нәтижелері педагогикалық ғылымға қосылған теориялық және қолданбалы жаңалықтар ретінде бағаланады.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады ма? <b>1) толығымен жаңа;</b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)		Ізденуші ұсынған зерттеу қорытындыларының толық жаңашылдығы мен ғылыми негізділігі күмән тудырмайды. Диссертациялық жұмыс кең көлемді теориялық дереккөздерге сүйене отырып орындалған және онда отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне жүйелі сілтемелер жасалған. Зерттеу нәтижелері автордың теориялық-әдіснамалық тұжырымдарына, тәжірибелік-эксперименттік зерттеулерге, сондай-ақ «Шет тілдік цифрландыру» жаппай ашық онлайн курсы мен «Digital Technologies for English Teachers» электронды оқу құралына негізделе отырып тұжырымдалған. Автор ұсынған тұжырымдар бұрынғы ғылыми еңбектерде жүйелі түрде қарастырылмаған тың идеяларды қамтиды. Олар болашақ мұғалімдердің «цифрлық құзыреттілігін» қалыптастырудың тиімді жолдарын ұсынуымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, зерттеу қорытындылары нақты педагогикалық тәжірибеге енгізуге болатын әдістемелік ұсыныстармен бекітілген, бұл олардың қолданбалы маңыздылығын арттырады.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?		Диссертациялық жұмыста ұсынылған техникалық және әдістемелік жаңалықтар – «Шет тілдік цифрландыру» жаппай ашық онлайн курсы мен «Digital Technologies for English Teachers» атты

		<p>1) толығымен жаңа;  <b>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b>  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>электронды оқу құралы, сондай-ақ сандық технологияларға негізделген оқытуды кезең-кезеңімен ұйымдастыру әдістемесі – педагогикалық тәжірибеде қолданылып отырған тың шешімдер болып табылады.</p> <p>Аталған электрондық оқу құралы мен ЖАОК білім алушылардың «цифрлық құзыреттілігін» қалыптастыруда инновациялық тәсілдерді енгізуге жол ашады. Олар қазіргі заманғы сандық білім беру ортасына бейімделген және болашақ мұғалімдерді даярлау сапасын арттыруға бағытталған тиімді тетіктер ретінде ұсынылған.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген/негізделмеген</b> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған қорытындылар ғылыми тұрғыдан терең әрі сенімді <i>негізделген</i>. Олар qualitative зерттеулердің, өнертану мен гуманитарлық бағыттардың талаптарына сай келеді.</p> <p>Бұл негізділіктің басты себептері — зерттеудің әдіснамалық базасының мемлекеттік бағдарламаларға, салалық заңнамалық актілерге, сондай-ақ заманауи ғылыми-теориялық тұғырларға сүйенуі болып табылады.</p> <p>Автор қарастырылып отырған мәселенің зерттелу деңгейін нақтылап, әртүрлі ғылыми көзқарастарды сын тұрғысынан сараптап, кешенді тәсіл қолдана білген. Жасалған қорытындылар теориялық және эмпирикалық дәлелдерге сүйене отырып жүйелі түрде дәлелденген, бұл жұмыстың ғылыми деңгейін және сенімділігін арттырады.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелдендіме?  <b>1) дәлелденді;</b>  2) шамамен дәлелденді;  3) шамамен дәлелденбеді;  4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалдыма?  1) ия;  <b>2) жоқ</b></p> <p>7.3 Жаңа ма?  <b>1) ия;</b>  2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:  1) тар;  2) орташа;  <b>3) кең</b></p>	<p>7.1 Ізденуші тарапынан қорғауға шығарылған 5 қағидат <i>дәлелденген</i>;</p> <p>7.2 Диссертациялық жұмыс аясында қорғауға ұсынылған 5 қағидат <i>тривиалды емес</i>;</p> <p>7.3 Зерттеу жұмысы аясында қорғауға ұсынылған қағидат та <i>жаңа</i> болып табылады;</p> <p>1. Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық негіздері, оның ішінде отандық және шетелдік тәсілдерді талдау, сондай-ақ «сандық технологиялар» және «болашақ ағылшын тілі мұғалімінің цифрлық құзыреттілігі» ұғымдарының авторлық анықтамалары.</p>

		<p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?  <b>1) ия;</b>  <b>2) жоқ</b></p>	<p>2. Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін даярлауда тиімді тәжірибелерді қолдану бағыттарын анықтаған педагогтердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың жүйеленген және бейімделген шетелдік тәжірибесі.</p> <p>3. DigCompEdu еуропалық моделін қазақстандық контекстке бейімдеуге негізделген және оның құрылымын, деңгейлері мен компоненттерін көрсететін болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру моделі.</p> <p>4. Университеттің білім беру процесінде болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру процесінің тиімділігін қамтамасыз ететін педагогикалық жағдайлар.</p> <p>5. Өзірленген педагогикалық модельдің тиімділігін және болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру шарттарын эксперименттік тексеру нәтижелері, мотивациялық, мазмұнды және ұйымдастырушылық компоненттер бойынша көрсеткіштердің оң динамикасын растады.</p> <p>7.5 <i>Иә</i>, олар автордың 9 ғылыми еңбегінде көрініс тапқан.</p>
8.	<p>Дәйектілік принципі  Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған  <b>1) ия;</b>  <b>2) жоқ</b></p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p>	<p>Әдістеменің таңдауы негізделген және тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың бағдарламасы аясында нақты жазылған.</p> <p>Зерттеу жұмысының мақсат-міндеттеріне сай талдау, синтездеу, моделдеу, сауалнама, тест жүргізу, педагогикалық эксперимент, оқу үдерісін бақылау, математикалық статистика әдістері қолданылған.</p> <p>Әдіснама негізінде шеттілдік білім берудің жаңа парадигмасымен ұсынылған құзыреттілік тәсіл негізге алынған.</p> <p>Зерттеу жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p>

		<p>1) ия; 2) жоқ</p>	
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыста ұсынылған теориялық тұжырымдармен педагогикалық модель нақты ғылыми негізде құрылған және олар тәжірибелі-эксперименттік жұмыс арқылы дәлелденген. Педагогтердің цифрлық құзыреттілігінің Еуропалық негіздемелік бағдарламасы DigCompEdu, мұғалімдерге арналған АКТ - құзыреттілігі бойынша БҰҰБҒМҰ-ның негіздемелік бағдарламасы «ICT Competency Framework for Teachers», TRACK және SAMR моделі сияқты цифрлық құзыреттердің халықаралық шеңберлері зерделенген. Тәжірибелік эксперимент Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті шетел тілі факультетінің "Шетел тілі: екі шетел тілі" мамандығының соңғы курс студенттерінің арасында орындалған. Эксперименттік және бақылау топтары тең деңгейде бөлініп, эксперименттің басында және соңында әзірленген психологиялық-педагогикалық тестілеуден өткен. Ғылыми нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденген.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b>/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу үшін жеткілікті. Автор 311 әдебиетті қолданған.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы бар, өйткені зерттеу жұмысы аясында «сандық технологиялар», «болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігі» ұғымдарының мәні, мазмұны, құрылымы нақтыланды. Соның негізінде аталмыш құзыреттілікті қалыптастырудың педагогикалық моделі жасалып және оның педагогикалық шарттары айқындалып отыр. Автор ұсынған теориялық тұжырымдар отандық және шетелдік ғылыми көзқарастарға сүйене отырып, ғылыми негізде жүйеленген. Бұл нәтиже педагогикалық</p>

			ғылымдағы тілдік құзыреттілік және цифрлық оқыту мәселелері жөніндегі теориялық базаны толықтырады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: <b>1) ия;</b> <b>2) жоқ</b>	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижесінде жасалған «Шет тілдік цифрландыру» жаппай ашық онлайн курсымен мен «Digital Technologies for English Teachers» электронды оқу құралы білім беру мекемелеріне ендіріліп, апробациядан өткізілген. Диссертацияның нәтижелері оқу процесін жаңғырту мен сапалы тілдік білім беруге бағытталған, сондықтан оның практикалық қолдану аясы кең.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? <b>1) толығымен жаңа;</b> <b>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b> <b>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</b>	Практикалық ұсыныстар <i>толығымен жаңа</i> болып табылады. Зерттеу нәтижелерін жоғары және арнайы орта оқу орындарында, жалпы білім беретін мектептерде, сондай-ақ мұғалімдер білімін жетілдіретін институттарда пайдалануға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: <b>1) жоғары;</b> <b>2) орташа;</b> <b>3) орташадан төмен;</b> <b>4) төмен.</b>	Академиялық жазу сапасы <i>жоғары</i> . Зерттеуде ғылыми стиль академиялық нормалар сақталады. Тілдік бірізділік, логикалық құрылым, терминологиялық дәлдік сақталған. Автордың қазақ тіліндегі диссертациялық еңбегі мен ағылшын тіліндегі мақалаларының ғылыми тілі нақты, мазмұнды және дәлелді.
11	Диссертацияға ескертулер	С.Т. Абдрахманованың диссертациялық зерттеуінің нәтижелерін оң бағалай отырып, дегенмен, кейбір төмендегідей ескертулерге тоқталған жөн: 1. Мәтіннің кей жерлерінде бір мағыналы ұғымды белгілеуде «сандық» және «цифрлық» терминдері ауысып қолданылып, бұл оқырманға түсінбестік туғызуы мүмкін. Бұл терминдерді мәтін бойынша жүйелі бір үлгіде қолдану ұсынылады; 2. Диссертация мәтіні негізінен ғылыми ресми стильде жазылғанымен, кей бөлімдерде тілінің ауырлығы байқалады. Диссертация мәтінін тілдік және стильдік тұрғыдан жетілдіру үшін ойды күрделендіріп тұрған ұзақ сөйлемдерді бірнеше қысқа сөйлемге бөлу, қайталанатын сөз тіркестерін қысқарту арқылы мазмұнды түсінікті етуге болар еді.	
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі	Докторант диссертациялық зерттеу аясында 9 ғылыми мақала (Scopus халықаралық базасына енген ғылыми журналдарда – 2 мақала; Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда – 3 мақала; Халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында – 4 баяндама) жариялаған. Бұл жарияланымдар диссертациялық зерттеу тақырыбы мен мазмұнына	

		толық сәйкес келеді. Жарияланымдардың сапасы мен саны PhD дәрежесін қорғау үшін белгіленген талаптарға толық сәйкес келеді және ғылыми қоғамдастықта зерттеудің нәтижелерін танытуға мүмкіндік береді.
13	Қорытынды	Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің «8D01702 - Шетел тілі: екі шетел тілі» білім бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Абдрахманова Самал Тукеновнаның «Жоғары білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін шет тілінде даярлаудағы сандық технологиялар» атты диссертациялық жұмысы дербес ғылыми зерттеу болып табылады және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Дәрежелерді беру қағидаларының» қойылатын талаптарына сәйкес келеді. Жоғарыда келтірілген мәліметтерге және диссертациялық жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығына сүйене отырып, мен, ресми рецензент, Абдрахманова Самал Тукеновнаның диссертациялық жұмысын «8D01702 - Шетел тілі: екі шетел тілі» білім бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін.

**Ресми рецензент:**  
**философия докторы (PhD),**  
**Ұлытау облысы білім басқармасының**  
**«Абай атындағы мамандандырылған**  
**мектеп-интернаты» КММ ағылшын тілі**  
**мұғалімі, педагог-зерттеуші**



**М.К. Джандильдинов**